

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген дөңгелек үстел

Қазіргі таңда құзырлы органдар мен ұйымдарда, әр түрлі салада жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау жұмысы өркен жайып келеді. Аудандық мемлекеттік мұрағатта қараша айының 24 күні «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шара аудандық мұрағаттың ынтасымен өткізілді. Дөңгелек үстелге «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық кеңесінің төрағасы Василий Устьянцев, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Самат Бермағамбетов, аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы Альмира Жанатбекова және мұрағат қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында мұрағат сақтау меңгерушісі Бақшагүл Ескендірова өз баяндамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызмет туралы заңдар, бірқатар бағдарламалық құжаттар, арнайы уәкілетті органның құрылғаны жайында баяндады. Бұл күндері елімізде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін кешенді шаралар қолданылуда. Мемлекеттік бағдарламалар аясында құрылған «Бір терезе» қағидаты бойынша (ХҚКО арқылы) халыққа мемлекеттік қызметтердің автоматандырылған түрлері кеңейтілген. Мемлекеттік қызметтердің сапасын әрі қолжетімділігіне мониторинг жүргізіліп отырады.

Сондай-ақ, бағдарлама аясында ауданда өткізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар легімен В.Устьянцев таныстырып өтті. «Осы Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады», - деді Василий Викторович өз сөзінде.

Нұрсұлтан ҒАБДУЛЛИН.

